

## Ақын ажалы

Мерт болды ақын, бықсық өсек  
Ар пендесін кетті жұлып;  
Кеудесінде оқ, шөлдетіп кек,  
Абзал басын иді сулық.

Көтермеді ақын жаны  
Ұсақ күңкіл масқарасын;  
Көпке жалғыз шықты тағы.  
Озбыр қауым құртты басын.  
Өлтірді оны!.. О, не керек  
Жылау-сықтау, мақтау көкіп?

Міз қақпады сұм жеңдеті,  
Салды соққы, амал бар ма!  
Селт етпеді пистолеті, —  
Қуыс жүрек қалтырар ма!  
Бұл не ғажап? Келген шеттен  
Көп қашқынның бірі еді ол;  
Тағдыр бізге душар еткен,

Өлді ақын, құшты қабір,  
Ұқсап сонау жыршыға бір.  
Ақын өзі берген жырлап,  
Сүйкімді жан сол бір жұмбақ,

Тыныштық, рахат, достығы мол  
Кең ортада жүргенінде  
Неге ғана барды екен ол  
Күншіл қауым дүрмегіне;  
Гіл жалақор желбуазға  
Неге қолын берді екен ол?

Ақтайсындар құр миңгірлеп,  
Дағдыр үкім қойды оқып!

Оның еркін, өр дарынын  
Өздеріңсің еткен дертті,  
Қызық көріп желпіп бәрің  
Өршіктірдің сәл ғана өртті.

Ал енді не? болындар мәз.  
Төзе алмады қайран сабаз,  
О, данышпан шамдай сөнді,  
Сән-салтанат гүлі семді.

Бақ, шен аулап жүр еді ол.  
Күлгірсіп тек, көретін жек  
Тілімізді, салтымызды;  
Ол ішмерез кара жүрек  
Аясын ба даңқымызды.  
Қайда қарай көтерді қол, —  
Қанды әб-сәтте сезетін бе ол!

\* \* \*

Жемтігі боп қызғаныштың,  
Құрбаны боп ар-намыстың,  
Аяу білмес қатал қолдан  
Дәл осылай қаза болған.

\* \* \*

Жалған сөзге, құр мипазға  
Неге ғана сенді екен ол?  
Қандай жанның не ойы бар  
Аңғарушы ед қаршадайдан.  
Жан шошынар, ой тұншығар  
Сол ортаға барды қайдан?!

Абыройлы гүлін мұның  
Алып тастап өңшең зұлым,  
Нуға бөлеп тікенекті,

Тәж кигізіп әуре етті.  
Зәрлі тікен білдірместен  
Абзал басты тандырды естен.

\* \* \*

Тыртақ-жыртақ сұм надандар  
Улады оның ақырғысын;  
Өлді сабаз, не амал бар,  
Көке босқа қайрап тісін;  
Алданды үміт, бір құпия

Өкініші қайнатты ішін.  
Ғажайып жыр өшті үні,  
Естірміз бе енді мұны.  
Баспанасы бір тар қапас,  
Ауызда печать үн шығартпас.

О, сұмдардың сорлы ұрпағы,  
Жексұрын ед ата-бабаң;  
Жапа көрген жұрттың бағын  
Тепкілеген қанды табан.  
Жалмауыз топ тақ қоршаған,  
Жоқ не ары, жоқ беттері,  
Азаттықты түмшалаған,  
Даңқ, данышпан жендеттері!  
Отырсындар, бүркеніп заң,  
Сот пен шындық тілін кесіп:  
Сот бар әлі, тіл бұзылған!

Тәңір соты кетпес кешіп.  
Қатал сот бар күткен алдан,  
Алтыныңмен ала алмайсың;  
Ісің, ойың мәлім оған,  
Қылмысыңнан тана алмайсың.  
Оттарсындар, тайқып-тайып,  
Пайдаға аспас енді оларың;  
Арам қанмен, өңшең залым,  
Кете алмассың жуып шайып,  
Қасиетті ақын қанын!

Аударған Қасым Аманжолов.